

Байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдер беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 396 Қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 7 мамырдағы N 665 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.05.07. N 665 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдер беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 28 сәуірдегі

N 396 қаулысымен

бекітілген

Байланысты гранттарды тартуға

арналған өтінімдер беру ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдер беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) атқарушы агенттіктердің экономикалық жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) байланысты гранттарды алуға өтінімдер (бұдан әрі - өтінімдер) беру тәртібін айқындайды.

2. Ереже атқарушы агенттіктер өтінімдер берген кезде оларға қойылатын талаптарды біріздендіру мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен бірлесіп қаржыландыруды немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің грант берген донордан одан әрі қарыз алуын көздейтін өтеусіз қаржылық және техникалық көмек жобаларын (бұдан әрі - жобалар) іске асыру үшін өтінімдерді іріктеу мен бағалау тиімділігін арттыру үшін әзірленді.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) донордың елдік бағдарламасы - Қазақстан Республикасы мен донор арасындағы ынтымақтастықтың орта мерзімді кезеңдегі перспективалары көрсетілетін және донор қарыздары есебінен қаржыландыру жоспарланып

отырған инвестициялық жобалардың тізбесін, сондай-ақ іске асырылуы донор гранты есебінен жүзеге асырылатын өтеусіз техникалық көмек жобаларының тізбесін қамтитын индикативтік сипаты бар донор құжаты;

2) атқарушы агенттік - байланысты грантты тартуға арналған өтінімдерді дайындауды және ұсынуды жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган.

2-тарау. Өтінімдерді беру тәртібі

4. Атқарушы агенттік уәкілетті органның қарауына жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өтінімдерін ескере отырып жасалған өтінімді мынадай құжаттармен қоса береді:

- 1) жобаның ақпараттық парағы;
- 2) жобаның қисынды негіздемесі;
- 3) салалық қорытынды.

5. Жобаның ақпараттық парағы байланысты грантты негізгі алушыны, болжамды донорды және жобаның негізгі қаржылық өлшемдерін қамтитын жоба бойынша жалпы ақпараттан тұрады. Оған құрамдас бөліктерге, жоспарланған іс-шараларға және жобаны іске асырудың әр жылына арналған байланысты грант валютасындағы және теңгедегі қаржыландыру көздеріне (грант қаражаты және оған бірлесіп қаржыландырулар) бөле отырып, жобаны қаржыландырудың еркін нысандағы жиынтық кестесі беріледі.

6. Жобаның қисынды негіздемесі жобаның мақсатына қол жеткізу үшін барлық баламалы шешімдердің нұскаларын қарау нәтижесі болып табылады және осы Ережеге қосымшаға сәйкес әдістеме бойынша жасалады.

7. Салалық қорытындыда тиісті бағдарламаның бөлімдері мен тармақтары көрсетіле отырып, жобаның мақсаты мен міндеттерінің тиісті мемлекеттік немесе салалық (секторалдық) бағдарламада көрсетілген саланың даму басымдықтарына сәйкестігі айқындалады.

8. Өтінімдер мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарында көрсетілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына, сондай-ақ қолданыстағы мемлекеттік немесе салалық (секторалдық) бағдарламаларға сәйкестігі;

2) донорлардың Қазақстан Республикасына арналған елдік бағдарламаларын (болған кезде) қоса алғанда, жобаның донордың уәкілетті органмен келісілген бағдарламалық құжаттарының құрамында болуы.

9. Атқарушы агенттік тиісті кезеңге арналған бірнеше өтінім берген жағдайда өтінім мәлімделген жобалар басымдығына қарай көрсетіледі.

10. Осы Ережеге сәйкес жасалған өтінімдерді атқарушы агенттіктер жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей уәкілетті органға жібереді.

Б а й л а н ы с т ы г р а н т т а р д ы
т а р т у ғ а а р н а л ғ а н ө т і н і м д е р
б е р у е р е ж е с і н е
қ о с ы м ш а

Жобаның қисынды негіздемесін жасау әдістемесі

1. Жобаның қисынды негіздемесі түсіндірме жазба мен матрицадан тұрады.

2. Жобаның қисынды негіздемесіне түсіндірме жазба жобада шешілетін проблеманың сипаттамасы мен тарихын, жоба тұжырымдамасының қысқаша мазмұнын, соның ішінде жобаны іске асыру болжанып отырған жерді, қысқаша талдауды және ұқсас жобаларды іске асырудың әлемдік тәжірибесін қамтиды. Түсіндірме жазбада, сондай-ақ проблеманы шешу нұсқасын таңдаған кезде қаралған баламалы нұсқалар және оны шешудің неғұрлым оңтайлы жолы ретінде жобаны таңдау негіздемесі сипатталуы тиіс.

3. Матрица мынадай кесте түрінде беріледі:

Жоба мақсатына қол жеткізу кезеңдері	Өлшенетін көрсеткіштер	Мониторинг және бағалау	Болжамдар мен тәуекелдер
Мақсаты	A1	B1	G1
Міндеттері	A2	B2	G2
Нәтижелері	A3	B3	G3
Іс-шаралар	A4	B4	G4

4. Матрица төрт деңгейден тұрады және мынадай тәртіппен толтырылады:

"Мақсаты" саланың даму стратегиясында көрсетілген стратегиялық міндеттерді шешуден тұратын жоба мақсатын көрсетеді;

"Міндеттері" жоба нәтижелеріне қол жеткізуден күтілетін әсерді көрсетеді;

"Нәтижелері" іс-шараларды іске асырудың ақша, материалдар мен адами ресурстар салудан жобаны орындаушылар алатын түпкі өнімдер немесе қызметтер түріндегі нәтижелерді көрсетеді;

"Іс-шаралар" әрбір нәтижені іске асыру үшін нақты іс-әрекетті көрсетеді. Бір нәтижені іске асыру үшін қажетті 4-тен 10-ға дейінгі неғұрлым жалпы іс-шараны көрсетуді ұсынылады.

5. Матрицаның әрбір деңгейі үшін мынадай көрсеткіштер көрсетіледі:

"Өлшенетін көрсеткіштер" жобаны іске асыру нәтижесінде өзгерістерді әрбір деңгейде өлшей отырып, матрицаның әрбір деңгейіне сандық, сапалық және уақыттық сипаттама береді. Әрбір деңгейдің көрсеткіштері бір-біріне тәуелді емес ;

"Мониторинг және бағалау" ақпарат алмасудың барлық деңгейлерін және

ақпарат беру мерзімін қоса алғанда, жобаның іске асырылу барысының мониторингі жүйесін көрсетеді;

"Болжамдар мен тәуекелдер" тәуекел деңгейін көрсете отырып, барлық ықтимал тәуекелдер мен оларды бейтараптандыру жөнінде жоспарланған шараларды көрсетеді.

6. Көлденең бағандар мынадай реттілікпен толтырылады:

A1 ұяшығында орындауға осы жоба бағытталған мемлекеттік немесе салалық (секторалдық) бағдарламалардың міндеттерін сипаттайтын өлшенетін көрсеткіштер қамтылады;

B1 ұяшығы ұлттық статистика мәліметтеріне, республикалық деңгейдегі есептерге және өзге де ақпаратқа негізделіп отырып толтырылады;

Г1 ұяшығында жоба шеңберінен тыс, бірақ жоба нәтижелеріне қол жеткізу үшін және ықтимал тәуекелдерді жою үшін қажетті шарттар қамтылады;

A2 ұяшығында жоба міндеттерін сипаттайтын өлшенетін көрсеткіштердің сипаттамасы қамтылады. Көрсеткіштерде жобаның күтіліп отырған пайдасы мен маңызы, сондай-ақ оны іске асырудың болжамды әсері сипатталады;

B2 ұяшығында A2 ұяшығында көрсетілген көрсеткіштер қандай ақпарат көзінде көрінетіні көрсетілуге тиіс. Бұл заттай және ақшалай көріністегі жұмыстардың орындалуы жөніндегі есептер, қаржыландыру туралы есеп, жоспарлы есептер және өзге де есептер болуы мүмкін;

Г2 ұяшығы Г1 ұяшығы тәрізді, бірақ жобаның міндеттеріне қатысы бойынша толтырылады;

A3 ұяшығында жоба нәтижелері үшін қорытылған жұмыс жоспары ретінде көрінетін өлшенетін көрсеткіштер қамтылады;

B3 және Г3 ұяшықтары B2 және Г2 бағандары тәрізді толтырылады, тек бұл жағдайда көрсеткіштер мен олардың мониторингі жоба нәтижелеріне қатысты болады;

A4 ұяшығында пайдаланылатын ресурстар сипатталады және іс-шараларды іске асыру үшін қажетті бюджет айқындалады. Бұл ретте, құрылысқа, жабдыққа, жұмыс күшіне және өзге ақпаратқа арналған балама бағаларды пайдалану қажет;

B4 ұяшығында әрбір көрсеткіштің тиімділігін және оларды бағалау процесін растайтын мәлімет көздері туралы ақпарат қамтылады. Бұл салынған ресурстардың сандық бағасын растайтын құжаттама, мысалы, жабдықтың прайс-парақтары, осыған ұқсас жобалар бойынша есептері және т.б. болуы мүмкін;

Г4 ұяшығында жоба шеңберінен тыс, бірақ жоба нәтижелеріне қол жеткізу үшін және ықтимал тәуекелдерді жою үшін қажетті шарттар қамтылады.

Бұл ретте, қисынды формулалар сақталуға тиіс:

$$- A_2 + G_2 = A_1 ;$$

- $A_4 + \Gamma_4 = A_3$.

- $A_3 + \Gamma_3 = A_2$;

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК